**ЦИКЛОГРАММА**

**Қазан айы II апта**

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫП: **«Менің отбасым»** Мерзімі: 11-15.10.2021

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу**<br><br>**Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Күз мезгіліндегі адамдардың еңбегі туралы суреттерді қарау,шағын әңгіме құрау. Еңбек туралымақал мәтел жаттау.«Қолшатыр» Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.**Еңбек тапсырмасы:**Шығармашылық бұрышты жинастыру | Балалардың көңіл күйлерін сұрау.Күз кереметі жайлы әңгімелесу «Жемістерді жина» Мақсаты: Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту Еңбек тапсырмасы:Ойыншық сөрелерін сүрту. | Фотосуреттер қарау.Жылы жаққа ұшып кететін құстар жайлы әңгімелесу. «Бақша да ма,бау да ма?» Ойынның мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту. | Балаларды қабылдау. Ата-аналармен амандасу. «Жеміс бағы» ойыны. Мақсаты: Жемістер туралы білімдерін жетілдіру. Жемістер туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту Еңбек тапсырмасы: Табиғат бұрышын тазалау. | Күз жомарт тақырыбына әңгме құрастыру «Қолымда не бар?» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем шашу, аквариумды тазалау. |
| | **Жаттығулар кешені№1** | | | | |
| **Ойындар (ҰОҚ)** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | Ойыншықты тап. Мақсаты: Басты белгілерге негізделіп, затты тауып алу, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру | «Қолымда не бар?» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту. | «Айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге үйрету. | «Суретші қай жыл мезгілін салды?»«Сайқымазақтарды киіндір» Мақсаты: түстер туралы алған білімдерін тиянақтау. | Түрлі –түсті сандық Мақсаты: сөздерді дұрыс айту, жалғауын дұрыс ұғынықты айтуға үйрету. Сөздегі дыбыстарды нақты айтуға дағдыландыру. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кесте бойынша ҰОҚ** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (ертегі).<br>**Мақсаты:** «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі**<br>– Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.<br>Жұмбақ шешу.<br>1.*Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды*. (Күн)<br>– Иә, дұрыс айтасыңдар, енді келесі жұмбағымды тыңдаңдар:<br>2.*Алуан түсті, аңқыған исті, Қырларда олар, жаңбырмен өсті. (Гүл)*<br>– Дұрыс айтасыңдар.<br>2. **Негізгі кезең**<br>– Балалар, сендер айтқан жауаптардың басындағы дыбыстар, бүгінгі жаңадан танысатын дыбыстарың.<br>*«Г» мен «К» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай*: ерін ашылып тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы | 1. **ҚМҰҚ**<br>**Тақырыбы:** 7,8, 9 сандары және цифрлары.<br>**Мақсаты:** 7, 8, 9 сандарының құрылуымен және 7,8,9 цифрларымен таныстыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңбер<br>**2.Негізгі кезең**<br>Топтық жұмыс. Әрбір топтың үстелінде 10 дөңгелек пен үш қағаз тәрелкеден құралған үш жинақтан бар.<br>Педагог тапсырма орындауды ұсынады: қонақтарымызға дастарқан жаю қажет. Әрбір тәрелкеге тәтті тоқаштардың белгілі бір санын салу керек. Бірінші тәрелкеге жеті тоқаш. Балалар салады, қайта есептейді. *Педагог цифрды көрсетеді, балалар оны ауада «жазады»*. Одан кейін балалар екінші тәрелкеге сегіз «тоқаш» салады. Педагог цифрды көрсетеді, балалар оны ауада «жазады». Үшінші | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы: «О» дыбысы.**<br>**Мақсаты:** "О" дыбысымен таныстыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңбер<br>2. **Негізгі кезең**:<br>**Жұмбақ:**<br>*Оң жағымда бес сарбаз, Сол жағымда бес сарбаз.*<br>– Дұрыс айтасыңдар. **Он саусақ** сөзінде ең бірінші «О» дыбысы тұр. Кәне, бірге «О» деп қайталайық.<br>«О» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынандай: «О» дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тілдің ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы көтеріледі.<br>– «О» – дауысты дыбыс. Дауысты дыбыстарды қызыл текшемен белгілейміз<br>– Енді «О»дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдаршы.<br>– Енді осы сөздерді буынға бөліңдер, неше буыннан құралған екен. | **1.Жаратылыстану**<br>**Тақырып:** Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?<br>**Мақсаттары:**Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңбер<br>**Педагог мынадай сұрақтарды қолданады:**<br>*Жапырақтардың жерге төгілуі дегеніміз не? Ол қай кезде болады? Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? Күз келгенде табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>2.**Негізгі кезең**<br>**Экскурсия кезінде балаларға түсіндіреді:**<br>Күзде жапырақты ағаштардың жапырағы түседі. Ал көктемде | **1.Сауат ашу**<br>**Тақырыбы: «О» дыбысы.**<br>**Мақсаты:** "О" дыбысымен таныстыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңбер<br>. **Негізгі кезең**:<br>– Отбасы қандай дыбыстан басталады?<br>"О" дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба?<br>Біз өткен тақырыптан дыбыс буынды, буын сөзді құрайтынын білеміз.<br>– Айтыңдаршы, бір буында неше дауысты дыбыс болады?<br>**Дидактикалық ойын: "Буынға буын қос".**<br>Педагог балаларға бір буын айтады, балалар буынға буын қосып жалғастырады. |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| таңдайға тиеді. Дем жоғары көтеріліп, тіл мен таңдайдың арасынан шыққанда «К» дыбысы жасалады. Дауыс шымылдығының дірілінен «Г» дыбысы естіледі. Бұл екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар.<br>– Қолайналарыңды алып, «Г», «К» деп айтып көріңдер.<br>– Бұл екі дыбыс бір-біріне ұқсас ағайынды дыбыстар.<br>– «Г», «К» дыбыстарынан басталатын сөздерді айтыңдаршы?<br>– Иә, сендер осы екі дыбыстан басталатын біраз сөз біледі екенсіңдер.<br>– Балалар, мына сөздерде «г» «к» дыбыстары қай буында кездесіп тұрғанын айтыңдар:<br>*Гү-лім, кө-гім.*<br>*Гү-ріл, жү-гір.*<br>*Кө-лік, кө-лең-ке.*<br>*Ке-се, кес-те.*<br>**Сергіту сәті.**<br>– Балалар, орыс халқының «**Қорыққанға қос көрінеді**» ертегісін тыңдаңдар. Ертегіні | тәрелкеге тоғыз тоқаш салынады.<br>**1-тапсырманы қарастыру.**<br>–Тәрелкелердің әрқайсысында неше тәтті тоқаштан болуы тиіс?<br>Әрбір тәрелкеге жетіспейтін «тәтті тоқашты» жапсырыңдар.<br>Балалар топтарда таратуға арналған материалмен жұмыс істейді.<br>Тапсырманы орындап, жетіспейтін тәтті тоқаштарды жапсырады.<br>–2-**тапсырма.**<br>Саусақтарымен цифрлардың үстінен жүргізуді тапсырады.<br>Ермексаздан жасап көрсетулерін сұрайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>*8 рет секіру, 9 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру.*<br>**№3 тапсырма**. Балалар суретті қарайды.<br>Шалғында нелер жайылып жүр? | – Енді өздерің айтқан «орақ», «орындық» сөздерін қатыстырып, сөйлем құраңдар.<br>– Міне, балалар, ұзақ және қысқа сөздерді қатыстырып бір сөйлем құрап тұрсыңдар.<br>– Екеуі де қандай дыбыстан басталады екен?<br>**Сергіту сәті**<br>– Балалар, сендер өздерің айтқан сөздерді буынға бөле аласыңдар. Дыбыс буыннан, буын сөзден тұрады. Мен бір сөз айтсам, сендер жалғастыра аласыңдар.<br>Мысалы: сау-..., қол-... т.б. сөздер.<br>– Дауысты бір дыбыс жеке бір буынды құрайды. Дауысты дыбыстар айтылғанда кеудемізден еш кедергісіз еркін шығады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгілейміз.. Осы дауысты дыбыстардың бәрі де жеке бір буынды құрайды. | жапырақтар қайта шығады.<br>Жайпақ жапырақты ағаштарға тал, жөке, үйеңкі, емен, қайың, терек жатады.<br>Қылқанжапырақтыларға майқарағай, шырша, қарағай жатады.<br>**Әліппе-дәптердегі суреттерді қарап шығып, талқылауға, әңгімелесуге шақырады.**<br>Зерттеу жұмысы барысында қылқанжапырақты ағаштардың жалпақ жапырақты ағаштардан айырмашылығын атап көрсетеді (жайпақжапырақты ағаштардың жапырағы жалпақ, үлкен болып келеді. Ал қылқанжапырақтылардың жапырағы үшкір ине тәріздес болады; жалпақжапырақтылар қыста жапырағын тастайды, ал, қылқанжапырақтылардың жапырағы түспейді). | Мысалы: ор- ..., дор-..., бот- ..., то- ..., оқу-..., оқы-..., са-... .<br>– **Ор- ман, дор-ба, бот-қа, то-қылдақ, оқу-шы, са-ғыз т.б.**<br>**Сергіту сәті.**<br>**Саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу:**<br>*Қуыр-қуыр қуырмаш,*<br>*Балаларға бидай шаш!*<br>*Тауықтарға тары шаш!*<br>*Басбармақ,*<br>*Балалы үйрек,*<br>*Ортан терек,*<br>*Шылдыр шүмек,*<br>*Кішкене бөбек.*<br>*Сен тұр – қойыңа бар!*<br>*Сен тұр – қозыңа бар!*<br>*Сен тұр – жылқыңа бар!*<br>*Сен тұр – сиырыңа бар!*<br>*Сен тұр – түйеңе бар!* |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқып, мазмұнын айтып беремін.<br>– Суды немен тасиды?<br>– Суды олар қайдан тасиды?<br>– Сушылар қайтарда қай жолмен жүреді?<br>– Бақта ағаш түбінде не отырады?<br>– Бірде қоянның төбесіне не түсті?<br>– Қоян қорқып не істейді?<br>– Қорыққан сушылар не істеді?<br>– Міне, балалар, «қорыққанға қос көрінеді « деген осы екен.<br>– Балалар осы ертегінің авторы сендер болсаңдар, ертегіге қандай тақырып қойған болар едіңдер, ойланып көріңдерші?<br>**Дидактикалық ойын:** «Белгілі дыбысқа сөз таңда». Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.<br>Мысалы:<br>«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; | Шалғында қандай гүлдер гүлдейді?<br>Енді шалғында жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз.<br>Аспанда қанша бұлт бар?<br>Қажетті цифрды жапсырыңдар.<br>**4-тапсырма**. Сандарды реті бойынша сызып қосу тапсырылады.<br>Цифрлардың үстінен саусақтарымен бастырып жүргізеді.<br>Педагогтің нұсқауы бойынша қимылдар жасайды.<br>*3-тапсырманы орындап, жануарларды, гүлдерді атайды, қажетті цифрларды жапсырады. 4-тапсырманы орындайды.*<br>**Рефлексия**<br>Педагог оқу қызметін қорытындылайды және балаларды жұмысы үшін мақтайды.<br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. | Мысалы, «о-рақ» сөзін буынға бөліп дыбыстық талдау жасайық.<br>– «Орақ» сөзі неше буыннан тұрады?<br>– Бұл сөзде неше дыбыс бар?<br>Қалған сөздерге педагогтің көмегімен дыбыстық талдау жасау.<br>«**Телефон» дидактикалық .о**<br>Ойын шарты: Балалар, бір-бірінің құлағына сыбырлау арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізеді. Егер соңындағы бала, сөзді шатастырып алса, «айыбын» төлейді.<br>**Жұмыс дәптермен жұмыс**: дәптердегі №13 тапсырма орындалады. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>3.**Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларға еңбек етуден жалықпау керек екенін ұғындыру.<br>**2. Музыка** мұғалімінің жоспары бойынша<br>**3.ӨӨТ** | Шырша мен қарағайдың жапырақтарын салыстырады.<br>**Жұмбақты пайдалану арқылы балалардың тану үдерісіне деген қызығушылықтарын оятады.**<br>*Жасыл ине киімім,*<br>*Жайлаймын тау биігін.*<br>*Жаңа жылды тойласаң,*<br>*Төріңдемін үйіңнің.*<br>*(Шырша)*<br>*Шырынын оның бүкіл ел «ем» деп ішіп келеді.*<br>*(Қайың)*<br>Үлкейткіш әйнектің көмегімен күзгі жапырақты зерттеу. Балалар жапырақтың құрылымымен танысады, сабақ, тамыршаларын байқайды. Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>**Сергіту сәті «Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады** (әліппе-дәптердегі тапсырма). | **Жұмыс дәптермен жұмыс.** Дәптердегі №13 тапсырманы орындайды. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі.<br>**3. Рефлексия.**<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>– Қандай ойындар ойнадық? Егер ойнаған ойындарың ұнаса, шапалақтау арқылы қуаныштарыңды білдіріңдер.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Менің ойыншықтарым<br>**Мақсаты:**<br>Ойыншықтар туралы түсінігін тиянақтау. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың түр – өлең туралы түсінігін кеңейту. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына;<br>«Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады<br>**3. Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br>– Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінде қорқақ болсаңдар, бір зат екеу болып көрінетінін білдіңдер. «Батыр бір өледі, қорқақ мың өледі» деген мақал осындай жағдайда айтылады<br>**2.Музыка**<br>**3.Русский язык**<br>**Тема:** «Выросли на грядке»<br>**Цель:** формирование умения согласовывать прилагательное с существительным в роде и числе.<br>**1Организационный момент.Утренний круг**<br>*Собрались все дети в круг.*<br>*Я – твой друг и ты – мой друг!* | **Мақсаты:** мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру.<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Педагог балалармен бірге шеңбер бойына тұрады.<br>**«Не бұрын?» ойыны.**<br>Педагог балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек. Не бұрын? Балалардың жауабы:<br>балапан ... ... жұмыртқа<br>жылқы ... ... құлын<br>сиыр... ... бұзау<br>нан ... ... ұн<br>көйлек ... ... мата<br>жапырақ... ... бүршік<br>**Негізгі кезең.**<br>Жұмбақ шешу.<br>*Ауырған адамның қасында*<br>*Емделудің жөнін айтар.*<br>*Жазылған адамдар расында*<br>*Риза болып, рақмет айтар.* ***(Дәрігер)***<br>*Қолдағы жұмыс жарағы:* | **Тақырыбы:**Жақсылық жасай білеміз.<br>**Мақсаты:**«Жақсылық ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңбер<br>**Негізгі кезең**:<br>**Әңгімелесу.**<br>*Жақсы болу дегенді қалай түсінесіңдер?*<br>*Адамдар бір- біріне қалай жақсылық жасай алады?*<br>*Ал өздерің ше?*<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар! Жақсылық дегеніміз- айнала қоршаған ортаға, адамдарға деген қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік таныту, жақсы іс асау. Ал сендердің барлықтарыңның осындай жақсы адам болатындықтарыңа сенемін.<br>IV. **Дәйексөз.**<br>«Нағыз адамдық- өз ойың мен ісіңді жақсылыққа бағыттай алу» деген | Мақсаттары: Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету.<br>Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау.<br>Педагог жапырақтың қандай ағаштан немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады.<br>«Уақыт пойызы» ойынына қатысуға шақырады: педагогтің қолында бір нысанның жылдың әр мезгіліндегі суретіне қатысты 4-5сурет бар. Соның негізінде **«Уақыт пойызын» құрастыруды ұсынады.**<br>Мәселен:<br>П: Міне, мынау жапырақ жап-жасыл. Оған арнап «Уақыт пойызын» құрастырыңдаршы, балалар.<br>Балалар бір қатарға тұрады: алдымен ашық жасыл түсті кішкентай жапырақ, оның артына | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңбер<br>**Негізгі кезең**:<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>**Тепсең-ақ секіріп,**<br>**Ұстатпай қашады.**<br>**Бір жерге бекініп,**<br>**Тұра алмай жатады.**<br>**Ол не? (Доп)**<br>- Доппен біз не істейміз?<br>- Балалар, бүгін біз ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіреністерін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>*Жүрмейсің бе абайлап,* |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Дружно за руки возьмемся*<br>*И друг другу улыбнемся.*<br>Дети встают в круг, повторяют слова, выполняют движения.<br>2.**Основная часть**<br>Педагог предлагает, проговорить чистоговорки, напоминает, что проговаривать надо медленно, четко проговаривая каждый звук.<br>**Фонетическая зарядка**<br>*Цы-цы-цы – мы ели огурцы.*<br>*Ла-ла-ла– созрела красная свекла.*<br>Дети проговаривают речевую гимнастику, четко проговаривая звуки русского языка.<br>**Д/Игра: «Разложи по корзинкам».**<br>Педагог вместе с Зайчиком показывает овощи и фрукты, называет на родном языке.<br>Затем предлагает послушать и повторить на русском языке.<br>Знакомство с новыми словами.<br>**Билингвальный компонент**: қырыққабат – | *Қайшы менен тарағы.*<br>***(Шаштараз)***<br>*Ертемен ерте тұрады*<br>*Қолына рульді алады.*<br>*Олай-былай айналдырар,*<br>*Жолға қарап отырар.*<br>***(Жүргізуші)***<br>**«Қандай мамандық иесі?» ойыны.**<br>Балалар бұл сөздерді қандай мамандық иесі айтуы мүмкін екенін анықтайды.<br>– Сіздің кекіліңізді қысқа кию керек пе?...<br>(шаштараз)<br>– Балалар, кітаптың бетін ашыңдар ... (мұғалім)<br>– Рульді оңға бұрайын...<br>(жүргізуші)<br>– Сурет салуға қылқаламдар дайындадым...(суретші)<br>– Сізге емделу үшін дәрілер жазып берейін...<br>(дәрігер)<br>– Қанша килограмм кәмпит өлшейін?...(сатушы)<br>– Сізге қандай көйлек тігу керек?.. (тігінші) | нақыл сөзді тәрбиеші бүгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.<br>«Нағыз адамдық- өз ойың мен ісіңді жақсылыққа бағыттай алу» деген нақыл сөз өте орындыайтылған. Нақыл сөзде айтылғандай күнделікті өмірде әрбір ісімізді, ниетімізді тек қана жақсылыққа бағыттай алсақ, бізді қоршаған орта, туған жеріміз көркейіп, туған-туыстарымыз, достарымыз өздерін бақытты сезінетіні сөзсіз.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Ойын: «Көлеңке».**<br>Мақсаты:. Балалардың адамгершілік сезімін дамыту. Балаларды жақсылыққа тәрбиелеу.<br>**Дәптермен жұмыс**.Балалар сурет бойынша әңгімелеп, дәптермен жұмыс жасайды.<br>**3. Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия** | үлкен жасыл жапырақ, сары жапырақ, жерге үзіліп түскен жапырақ тұрады.<br>**. Қорытынды бөлім.**<br>**Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>**2.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Үйрек.<br>**Мақсаты**: ермексаз кесегінен үйрек бейнесін мүсіндеуді үйрету.<br>1**. Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**2. Негізгі кезең**<br>Педагог жұмбақ жасырады:<br>*Табаны бейне алақан,*<br>*Мынау қандай балапан?*<br>*(Үйрек)*<br>– Балалар, үйрек қандай құстар тобына жатады?<br>– Құстар қандай топтарға бөлінеді?<br>– Тағы қандай үй құстарын білесіңдер?<br>Балалардың назарын балапандарымен көлде жүзіп жүрген ойыншық үйректерге аудару. | *Болмасаңшы ұрыншақ.*<br>*Асыр салып көп ойнап,*<br>*Ақсап қапсың, құлыншаақ.*<br>**Сергіту сәті**<br>Добым, добым, домалақ, (екі қолын айналдырады)<br>Тоқтамайсың домалап. (допты теуіп көрсетеді)<br>Үстел үстін бүлдірдің, (сұқ саусағымен көрсетеді)<br>Тәрелкені сындырдың. (екі алақанын жаяды)<br>Тентек болып кеттің деп,<br>Тұрмын сені тепкім кеп. (допты тебеді)<br>Өлеңді қайталап есімізге түсірейік.<br>Өлең шумақтарындағы сөздерді қайталау.<br>3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызып қайталату.<br>***Дәптермен жұмыс:*** |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | капуста, қызылша – свекла, көгөністер – овощи, бақ – сад, бақша – огород.<br>Огурцы, капуста, помидор, лук, морковь, свекла – это овощи. Фрукты растут в саду, а овощи растут в огороде.<br>Дети внимательно слушают, запоминают, упражняются в произношении, повторяют слова на русском языке, проговаривают новые слова за педагогом, хором и индивидуально.<br>– А теперь зайчик хочет с вами поиграть.<br>**Д/игра «Чудесный мешочек»**<br>Цель: формировать умение отгадывать и правильно называть овощи и фрукты на ощупь. Согласовывать прилагательное с существительным.<br>Дети на ощупь достают из мешочка предметы (овощи, фрукты) называют их на русском языке.<br>**Физминутка**<br>*Убираем огород*<br>*Много там чего растет* | **Тәрбиеші мамандық туралы анықтама береді:**<br>«Мамандық – бұл іс, адам сол іспен айналысады, сол үшін ақша алады.<br>Адам мектеп бітіргеннен кейін колледж, институт, академия, университет сияқты арнайы оқу орындарына түсіп, білім алады. Көп білімі мен тәжірибесі бар адам – бағалы маман, өзінің мамандығына байланысты еңбегі де соғұрлым жоғары бағаланады және төленеді».<br>**Әңгіме оқып беру**. В. Сухомлинский. «Менің шешемнен нан иісі шығады.<br>**Сергіту сәті.**<br>– Балалар өлең мазмұнына қарай педагогтің көрсеткен қимылын қайталайды.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>Жеке жұмыс жүргізу. Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді. Балалар | Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>**4.Дене шын**<br>**Тақырыбы:** Зейінді боламыз<br>**Мақсаты**:Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру.<br>**1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Саусақ гимнастикасы**<br>–Халің қалай?<br>–Хал мынандай?<br>(Саусақтарды жұмып, бас бармақты жоғары көтеру).<br>–Қалай жүзесің?<br>–Мынандай! (Қалай жүзетіндерін қимылмен көрсетеді).<br>–Қалай жүгіресің?<br>–Мынандай! (Қалай жүгіретіндерін қимылмен көрсетеді).<br>Қалай алысты көресің? | **Мүсіндеу жолдарын түсіндіру:**<br>1. Үлкен ермексазды алып, үшке бөлеміз.<br>2. Домалақтау әдісі арқылы үйректің денесін, басын жасаймыз.<br>3. Қолды сулап алып, жасаған мүсінімізді тегістейміз.<br>4. Таяқшамен үйректің тұмсығын, қанатын сызамыз.<br>5. Аяғын жасаймыз.Ермексазды жіңішкелеп есу арқылы аяғын жасап,шымшып басу арқылы табанын шығарамыз, денесіне біріктіреміз.<br>**Сергіту сәті.**<br>**3.Рефлексия**.<br>Педагог оқу қызметін қорытындылап, балалардың жұмысына баға береді. Балалар бір-бірінің жұмысын талдайды.<br>**3.Дене шық**<br>**Тақырыбы**: «Бірінші бол!» | - Суретте не бейнеленген?<br>- Әр вагонда қандай ойыншықтар бар?<br>- Сурет бойынша өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.<br>- Сенде қандай ойыншықтар бар?<br>3. **Қорытынды бөлім. Рефлексия**<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Сабақта не ұнағанын сұрайды.<br>**3.Аппликация**<br>**Тақырыбы**:Айдарлы әтеш.<br>**Мақсаты:**әтештің жасалу жолын ретімен үйлестіре білуге үйрету.<br>1.**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Шаттық шеңберін жасату.<br>**2. Негізгі кезең**<br>Педагог:<br>–Кәне, бір-бірімізбен әтеш, |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *И капуста, и морковь, и веселенький горох.*<br>*Тыква, ягодка, картошка.*<br>*Соберем все понемножку.*<br>Педагог предлагает послушать стихотворение. «Огород»<br>Отвечают на вопросы по содержанию.<br>***Работа в азбуке-тетради***<br>Задание №1<br>– Найди и назови овощи. Расскажи, где они растут. Собери в одну корзину овощи, в другую – фрукты.<br>Дети рассматривают картинки, называют овощи. Распределяют овощи и фрукты по корзинам.<br>**3.Рефлексия**<br>Педагог подводит итог, поощряет детей.<br>Рефлексивный круг «Расскажи, что тебе понравилось на занятии».<br>Дети встают в круг, отвечают на вопросы, отмечают, что больше всего понравилось и что было интересно.<br>**4. Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біз әртүрліміз» | дәптердегі тапсырманы орындайды.<br>**Рефлексия.**<br>«Менің көңіл күйім».<br>Балалар суреттерді алып, өзінің оқу қызметінен алған әсері ретінде көгілдір түске боялған тақтаға жапсырады (күн; бұлт пен күн; бұлт;<br>бұлт жаңбырмен; бұлт найзағаймен).<br>Алған әсерлерін неліктен ондай суреттермен белгілегенін түсіндіреді<br>**3.Сурет**<br>**Тақырыбы:**Қоржынды сәндейміз.<br>**Мақсаты:** қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Қоржын туралы балаларға түсінік беріп, педагог «қошқармүйіз» оюын қалай салу<br>жолдарын түсіндіреді.<br>2.**Негізгі кезең** | Былай! (Қолдарын маңдайға қойып, алысқа қарайды).<br>2.**Негізгі кезең**<br>**І.Тізбекке бір-бірден тұрып, аяқтың ұшымен және шашырап жүгіреді.**<br>Педагогтің нұсқауы бойынша қайта тізбекке және сапқа тұрады.<br>Екі-екіден тізбекке тұрады.<br>**ІІ.Ырғақты гимнастика.**<br>Қимылдарды ырғақпен орындауға және тыныс алуды кешіктірмеуге тырысады.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату:**<br>Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өтеді.<br>Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру; балалардың назарын доптың ұшу траекториясына аудару.<br>Екі тізбекке немесе сап түзеп тұрады | **Мақсаты**:Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту.<br>1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Еліміздің даңқын шығарып жүрген спортшылардың суреттерін көрсетеді.<br>2.**Негізгі кезең**<br>І.**Жинақылыққа тәрбиелеу:**<br>Тізбекке бір-бірден тұрады. «Шашырап жүру» ойын-жаттығуы:<br>Жүру, зал ішінде аяқтың ұшымен жүгіру, тізбекке, сапқа тұру. Екі-екіден тізбекке тұрады.<br>ІІ.**Гимнастиалық орындық үстінде** ЖДЖ орындау ( №1).<br>Педагогтің нұсқауын дәл орындауға тырысады. Әр жаттығудың бастапқы | тауық, қаз сияқты амандасайық.<br>№1, 2, 3, 4 слайдтан үй құстарын көрсете отырып, әңгімелеу (тауық, әтеш, қаз, үйрек).<br>–Үй құстарын қалай күтіп-баптау керек?<br>– Өте дұрыс айтасыңдар. Мен сендерге жұмбақ жасырайын. Сол жұмбақты шешсеңдер, бүгінгі оқу қызметінде қиып жапсыратын қандай үй құсы екені белгілі болады.<br>*Жұмбақ*<br>*Бұрап қойған сағаттай,*<br>*Айқайлайды таң атпай.*<br>*(Әтеш)*<br>–Ол не?<br>*Жұмысымызды бастамас бұрын18-беттегі сюжетті суретте бейнеленген әтешке назар аударайық.* |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Мақсаты**: Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе- теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту.<br>1.**Ұйымдастыру кезеңі «Сиқырлы шумақ» тренинг-ойыны.**<br>–Қазір біз өзіміз туралы білеміз. Менің қолымда бір шумақ жіп бар. Мен саусағымды жіппен бір рет орап, сендердің біреуіне жіпті лақтырып, сонан соң сұрақ қоямын. Сол бала жіпті қағып алып, бір саусағын орап, келесі балаға шумақты лақтырып, сұрақ қояды.<br>–Енді қолдарыңды жоғары көтеріп, саусақтарыңдағы жіпті шығарыңдар.<br>2.<br>І.Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын орындайды: доп ұстап жүру (доп оң қолда), аяқтың ұшымен | – Балалар, қоржынның не екенін білесіңдер ме? Ата-әжелеріміз оны не үшін қолданған? Қоржын – иірілген жүннен тоқылған үй бұйымы. Ол түрлі заттар алып жүру үшін қажет. Қоржынның екі басы болады. Жолға шыққанда қоржынды аттың артына өңгеріп алады. Жай жолақты немесе түрлі өрнекті, сондай-ақ кілемше (түкті, өрнекті) түрінде жасалады.<br>**Сергіту сәті.**<br>– Балалар, жұмыс дәптерлерінде қоржынның суреті берілген. Қоржын қандай геометриялық пішінге ұқсайды?<br>– Қоржынды бір түсті бояумен саламыз. Қоржын дайын болған соң оны оюөрнектермен әшекейлейміз. Алдымен тік төртбұрыш салып, оның шеттерін дөңгелектеп қоржынның пішініне келтіреміз, одан әрі | (арақашықтықтары – 3 метр). Допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтырады. Лақтыру бағытын сақтауға тырысады және лақтыру кезінде қолдарын ширақ түрде жазады.<br>**ІІІ.Релаксация:** «Ғажайып кемпірқосақ» Көздерін жұмып жатып, терең, бірқалыпты тыныс алады. Ғажайып кемпірқосақты көз алдарына елестетеді.<br>«Бірінші түс – көгілдір. Көгілдір түс су сияқты. Су түскендей сергіп қаласың. Өзімізді су түскендей сезінейік.<br>Келесі түс – сары. Сары түс күн сияқты бізді жылытады, қуаныш сыйлайды, ол үлпілдеген балапан сияқты. Егер көңілсіз болсаң, осы түске қараңдар.<br>Көңілдерін көтереді.<br>Жасыл түс көгорай шалғынның түсі, жаз мезгілінің белгісі. Жасыл түс адамның көңіл күйін көтереді. Олай болса осы | қалыптарын сақтап орындайды.<br>**Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату ( 3рет):**<br>Зейіндерін дамыту.<br>Тепе-теңдік: орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқпен тұру. Статикалық тепе-теңдікті сақтап, жаттығуды алдыға еңкеймей орындайды.<br>**«Бірінші бол!»** ойын-жаттығуы: жүргізушіні ауыстырып отырып, баяу жүгіру. Қолды кеуде тұсына дейін алға әкеліп, сонан соң шынтақтарын артқа жібереді. Педагогтің бұйрығы бойынша есімі аталған бала жүргізуші болып, жүгіру бағытын өзгертеді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» ( 3 рет).**<br>Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша | –Әтештің басында несі бар?<br>–Қанатын қалай атауға болады?<br>**Сергіту сәті.**<br>«**Балапандар» ойыны**. Бәрі бірігіп топ болып ойнайды. Ойынды сүйемелдеу үшін көңілді музыка қоюға болады.<br>Қалған бөліктерін асықпай қию керек, өйткені ойық тұстарын абайлап қимасаң, дұрыс болмай қалады немесе басқа жері қиылып кетуі мүмкін. Енді осы қиып алған бөліктерді 19-беттегі 7.1-үлгіге жапсырамыз.<br>**Рефлексия.**<br>Педагог қорытындылап, балаларды мадақтайды. Балалармен жұмысты талдайды.<br>**4. Өнерлі екен он саусақ** |



Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру – допты бастан жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру – допты алдыда ұстау.<br>Тізбекке екі-екіден тұру.<br>II.**Доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2).** Арақашықтықтарын сақтау. Бастапқы қалыпты сақтай білу машықтары мен допты жерге түсірмеулерін қадағалау.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар» (4 рет) . «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым- ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады.<br>III.**«Мен осындаймын, біз осындаймыз» ойын-жаттығуы.**<br>3.**Қорытынды кезең (рефлексия).** «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы. | қоржынның екінші жағын – артқы бөлігін саламыз. Дайын болған қоржынымызды ою-өрнекпен безендіреміз.<br>Педагог «қошқармүйіз» оюын қалай салу жолдарын түсіндіреді.<br>– Бір нүктеден бастап бір мүйізін үзбей сызып алып, екінші мүйізін дәл солай қолды қағаздан көтермей, үзбей сызып шығамыз.<br>3.**Рефлексия.**<br>Педагог балаларды мадақтайды.<br>Балалар жұмыстарына қарап, баға береді. Ата-аналарға көрме ұйымдастырылады.<br>**<u>4. Ертегілер әлемінде</u>**<br>**Тақырыбы:** «Шалқан» ертегісі<br>**Мақсаты:**<br>Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | түстерге көбірек қарандар. Су сияқты салмақты, күн сияқты көңілді, жаз сияқты мейірімді болайық.<br>**3.Қорытынды кезең (рефлексия).** «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы. Бір баланың көңіл күйі бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады. | балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.<br>**Педагогпен бірге тақпақты қайталайды.**<br>*«Шынығамыз, жастай біз, Жаттығуды бастап біз.*<br>*Бір, екі, үш, бір, екі, үш*<br>*Бойымызға жинап күш.*<br>*Шынығамыз, жүгіреміз, Жаттығуды бастаймыз»*<br>**2.Қорытынды кезең (рефлексия).** Қай жаттығулар қиындық тудырғанын ортаға салады.<br>**<u>4. Логика</u>**<br>**Тақырыбы :**«Пішіндер сыры»<br>**Мақсаты:**Балалардың зиінін ойлау қабілеттерін сандардың таңбаларын танып ажыратуды, геометриялық денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу.Тапқырлыққа, ептілікке,жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу. | **Тақырыбы:** Алтын балық<br>**Мақсаты**: Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету. |

Scanned with ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір баланың көңіл күйі бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау |
| **Серуен** | **Бақылау: Ауа-райын бақылау.** **Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Сөздік корларын дамыту. **Еңбек:** Өз учаскемізді тазалау **Қимылды ойындар:** «Мысық пен тышқан» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | **Бақылау: Жаңбырды бақылау.** **Мақсаты:** Табиғаттың «көңіл-күйі», жел, жаңбыр, суық екенін сезіндіру. **Еңбек:** Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру. **Қимылды ойындар:** «Қарлығаш» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | **Бақылау: Ауа – райын бақылау. ( күн салқын, ызғарлы жел, т.б)** **Мақсаты:** Ауа – райыныңөзгешелігін сезіну, табиғат құбылысын меңгерту. **Еңбек:** Ағаштың бұтақтарын жинау. **Қимылды ойындар:** «Өз жұбыңды тап» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | **Бақылау: Түскен жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Күз мезгілі туралы білімдерін бекіту **Еңбек:** Аула сыпырушы ағайдың еңбегіне көмектесу,жапырақтарды жинау **Қимылды ойындар:** «Орамал тастау» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | **Бақылау:Күз мезгілінде желді бақылау** **Мақсаты:** Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. **Еңбек:** Учаскедегішашылған қағаздарды жинау. **Қимылдыойындар:** **«Күн мен түн»** Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға балабақша ішілік іс-шараларға қатысуды айту | "Баламен демалыс күндерін қалай өткізесіз?" ата-аналармен әңгемелесу | Ата-аналарға балаларының жұмыстарын көрсету | Ересек топ балаларының ерекшеліктері жайлы ата-аналарға кеңес беру | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауды ескерту |



Scanned with ACE Scanner